



## ОҚИТЫН ҰЛТ – ОЗЫҚ ҰЛТ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ  
ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ  
«КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ДА-  
МЫТУ ЖӘНЕ ЗЕРДЕЛІ ҰЛТ  
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ  
ШАРАЛАР ТУРАЛЫ»  
ЖАРЛЫҚҚА ҚОЛ ҚОЙДЫ.**

Құжатқа сәйкес адами капиталды дамыту, қоғамның зияткерлік және мәдени әлеуетін нығайту, білім беру, тәрбиелеу және оқу-ағарту ісінің негізгі элементі ретінде кітап оқу мәдениетін насихаттау, зерделі ұлт қалыптастыру, сондай-ақ шығармашыл, жасампаз және бәсекеге қабілетті тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау мақсатында бірқатар шара қабылданады.

Мәдениет, білім беру және инновациялар салаларындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттары болады:

кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі



ұлт қалыптастыру; оқырмандарға арналған заманауи инфрақұрылымды дамыту: цифрлық құралдарды кеңінен қолдана отырып, жаңа форматтағы кітапханалар, қоғамдық кеңістіктер

құру; туындылары жас ұрпақты Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағида-татары мен ережелерін құрметтеу рухында тәрбиелеуге ықпал етіп жүрген отандық

жазушылар мен ақындарды қолдау; баспагерлер мен кітап өнімін таратушылардың мемлекет үшін пайдалы қызметтерін ынталандыру; ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттау.

Үкімет халықтың әртүрлі санаты, оның ішінде балалар мен жастар арасында кітап оқу мәдениетін дамыту және кітап оқудың орнықты дағдыларын қалыптастыру жөніндегі шаралар кешенін іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс.

Жаңа форматтағы кітапханалар, көпфункционалды қоғамдық кеңістіктер құрып, заманауи ақпараттық жүйелер мен сервистер ендіруге міндетті.

Ұлттық әдеби мұраны ел ішінде және шетелде насихаттауды, оның ішінде туындыларды сапалы аудару, басып шығару, оқырмандардың кең ауқымды аудиториясына тарату арқылы қамтамасыз етеді.

2026 жылдың 1 қыркүйегіне дейін «Жылдың 10 оқырманы» республикалық жобасын іске асырады.

2026 жылдың соңына дейін кітап оқу мәдениетін және кітап ісін насихаттаудың 2027–2031 жылдарға арналған «Зерделі ұлт» тұжырымдамасын бекітуге тиіс.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

## ИРАН КОНСУЛЫ ӨНІР ӘЛЕУЕТІН ЖОҒАРЫ БАҒАЛАДЫ



**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ  
ҚИЛЫБАЙ ИРАН ИСЛАМ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
АҚТАУ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ЖАҒАДАН  
ТАҒАЙЫНДАЛҒАН БАС КОНСУЛЫ ДЖАФАР  
ЗАМАНИ МЫРЗАМЕН КЕЗДЕСТІ.**

Кездесу барысында екі тарап өзара ынтымақтастықты дамыту мәселелерін талқылады. Атап айтқанда, инвестиция тарту, көлік және логистика саласын дамыту, туризмді ілгерілету, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту жайы сөз болды. Бұдан бөлек, балық шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы бағыттарындағы бірлескен жобалар да қарастырылды. Сонымен қатар виза рәсімдеу, көші-кон және кедендік рәсімдерге қатысты мәселелер де назардан тыс қалмады.

Облыс әкімі Джафар Замани мырзаны жаңа қызметке тағайындауымен

құттықтап, оған сәттілік тіледі. Ол өз сөзінде Маңғыстау облысының әлеуеті туралы да айтып өтті. Әкімнің айтуынша, өңір Каспий теңізі жағалауында орналасқандықтан, стратегиялық маңызы жоғары аймақ болып саналады. Бүгінде Маңғыстау көлік-логистикалық орталық ретінде дамып, халықаралық жүк тасымалы мен транзиттік бағыттардың кеңеюіне жағдай жасап отыр. Сондай-ақ порт инфрақұрылымы да біртіндеп жаңарып, жетілдіріліп келеді.

– Біз шетелдік инвесторлармен әріптестікті нығайтуға әрқашан дайынбыз. Мақсатымыз – өңір экономикасын

дамыту және жаңа жұмыс орындарын ашу, – деді Нұрдәулет Қилыбай.

Өз кезегінде Иранның бас консулы Джафар Замани Маңғыстау облысының экономикалық мүмкіндіктеріне жоғары баға берді. Ол Иран тарапының Қазақстанмен, соның ішінде Маңғыстау өңірімен ынтымақтастықты кеңейтуге қызығушылығы бар екенін атап өтті.

Сондай-ақ кездесуде екі ел арасындағы сауда айналымы да сөз болды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Маңғыстау облысы мен Иран Ислам Республикасының арасындағы сыртқы сауда көлемі 39,7 миллион АҚШ долларын құраған. Қазіргі уақытта өңірде Иран капиталының қатысуымен 77 кәсіпорын жұмыс істеп тұр.

Жалпы алғанда, бұл кездесу екі ел арасындағы серіктестікті одан әрі нығайтуға және жаңа жобаларды жүзеге асыруға жол ашатын маңызды қадам болды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ



## АҚТАУ ЖАҒАЛАУЫ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ НҮРДӘУЛЕТ  
ҚИЛЫБАЙ ЖАҢА ЗАМАНАУИ ЖАҒАЛАУ САЛУ  
ЖОБАСЫМЕН ТАНЫСЫП, ҚҰРЫЛЫСТЫҢ НЕГІЗГІ  
БАҒЫТТАРЫН ТАЛҚЫЛАДЫ.**

Бұл жоба қаланың келбетін жаңартып қана қоймай, тұрғындар мен қонақтарға ыңғайлы демалыс орнын жасауға бағытталған. Яғни теңіз жағалауы бұрынғыдан да көріктірек, қауіпсіз әрі серуендеуге қолайлы кеңістікке айналмақ. Сонымен қатар бұл бастама Ақтаудың туристік мүмкіндігін арттыруды көздейді.

Жағалау құрылысының жалпы ұзындығы шамамен 4,5 шақырым болады. Жоба 5 кезең бойынша іске асырылады. Құрылыс жұмыстары 2026 жылдың сәуір айында басталып, толық аяқталуы 2029 жылдың қаңтарына жоспарланған.

Жобаны жүзеге асыратын тапсырыс беруші – «Ақтау қалалық құрылыс бөлімі», инвестор – NCOC N.V., ал мердігер – «Нурсат» ЖШС.

Жаңа жағалауда демалыс үшін барлық жағдай жасалады. Мұнда кең серуен жолдары, велосипедпен және жүгіретін жолдар, арнайы көрініс алаңдары болады. Сондай-ақ субұрқақтар, скейт-парк, балалар ойын алаңдары мен спорт алаңдары салынады. Демалушылар үшін арнайы орындар, фудкорттар мен қызмет көрсету павильондары да қарастырылған.

Бұдан бөлек, теңіз бойында аймақтар, жағажай аймақтары және балаларға арналған шағын бассейндер жасалады. Бұл жер отбасымен демалуға өте ыңғайлы орынға айналмақ.

Жоба барысында заманауи технологиялар да қолданылады. Мысалы, күн энергиясымен жұмыс істейтін жарықтандыру жүйелері орнатылады. Сонымен бірге көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп, су жүйелері жаңартылады. Барлық инженерлік желілер экологияны сақтауға бағытталады.

Жоба таныстырылымында облыс әкімі жағалаудың сыртқы келбеті тек заманауи емес, сонымен бірге ұлттық ерекшелікті де көрсетуі керек екенін айтты. Яғни мұнда қазақтың ою-өрнектері, жергілікті стиль мен өңірдің тарихи болмысы көрініс табуы маңызды. Бұл үшін қоғам өкілдері мен ақсақалдардың пікірін де ескеру қажет екенін атап өтті.

Сондай-ақ пирс маңында яхта иелері мен су көлігі қызметін пайдаланатын адамдарға да қолайлы жағдай жасалуы тиіс екені айтылды. Әкім жобаның бірінші кезеңін тездетіп, ең бастысы сапалы орындау қажеттігін ескертті.

«МАҢҒЫСТАУ» АҚПАРАТ

• БҮГІНГІ САНДА

**ОЙ-ӨРІСТІ КЕҢЕЙТЕР –  
«КІТАП КЕРУЕН»**

»2

**ӘКЕ ТӘРБИЕСІ  
ӘЛСІРЕМЕУ КЕРЕК**

»6